

**Баспасөз хабарламасы**

Астана қ., 29 қараша 2023 жыл

**«ҚазТрансОйл» АҚ қараша айында Германияға қазақстандық мұнайды жеткізуді 54%-ға арттырады**

Германияға «Адамова застава» мұнай тапсыру пунктiнiң бағыты бойынша «Транснефть» ЖАҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесi бойынша қазақстандық мұнайды тасымалдау көлемi жоспарланған 100 мың тоннадан 154 мың тоннаға дейiн ұлғаяды. Бұл туралы «ҚазТрансОйл» АҚ тасымалдау департаментiнiң директоры Абай Бейсембаев Қазақстан қор биржасы ұйымдастырған Эмитент күнiнде хабарлады.

Қара теңiз суындағы күрделi метеорологиялық жағдайларға қарамастан, «ҚазТрансОйл» АҚ жүк жөнелтушiлер алдындағы өз мiндеттемелерiн толық орындауда. «Транснефть» ЖАҚ тарапынан бүгiнгi күнге ешқандай шектеулер жоқ. «Каспий Құбыр Консорциумы» АҚ жүйесi бойынша мұнайды тасымалдаудың шектеулерiне байланысты «ҚазТрансОйл АҚ-та мұнайды бiздiң жүйе арқылы тасымалдау жүзеге асырғысы келетiн бiрқатар жүк жөнелтушiлер жүгiндi. «Транснефть» ЖАҚ-пен «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» ЖҰАҚ ресурстарын қосымша тасымалдау бойынша жедел жұмыс жүргiзiлдi. Қараша айында Германияға 100 мың тонна жеткiзу жоспарланған болатын. «Транснефть» ЖАҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесi бойынша Германияға «Адамова застава» мұнай тапсыру пунктiнiң бағыты бойынша қазақстандық мұнайды тасымалдау көлемi 154 мың тоннаны құрайды», - деп хабарлады Абай Бейсембаев.

Ол сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ қосымша 55 мың тонна мұнай, оның iшiнде 23 мың тонна «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В. ЖҰАҚ және Қашаған кен орнының 32 мың тонна мұнай өндiрушi компаниялары мұнай сақтаулы екенiн атап өттi.

Желтоқсан айында «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» ЖҰАҚ ресурстарының жоспардан тыс қабылданған көлемi «Адамова застава» мұнай тапсыру пунктiнiң бағыты бойынша, ал Қашаған кен орнынан мұнай – Шешхарис» (Новороссийск) ауыстырып тиеу кешенiнiң бағыты бойынша жөнелтiледi», - деп қосты Абай Бейсембаев.

Естерiңiзге сала кетейiк, 2022 жылдың желтоқсанында «ҚазТрансОйл» АҚ Германияға «Адамова застава» мұнай тапсыру пунктiнiң бағытымен «Транснефть» ЖАҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесi бойынша 2023 жылы 1,2 млн тонна қазақстандық мұнайды тасымалдауға жылдық өтiнiм жолдаған болатын. Мұнайдың бұл транзитi Қазақстан Республикасының Үкiметi мен Ресей Федерациясының Үкiметi арасындағы 2002 жылғы 7 маусымдағы тиiстi келiсiм шеңберiнде жүзеге асырылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ Германияға «Адамова застава» мұнай тапсыру пунктiнiң бағыты бойынша 1,2 млн тонна қазақстандық мұнайды тасымалдау үшiн техникалық мүмкiндiктiң бар екендiгiн растайды, бiрақ мұнайды тасымалдаудың нақты көлемi мұнай компанияларының өтiнiмдерiне байланысты.

**Анықтама үшiн:**

«ҚазТрансОйл» АҚ – магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кiредi. Ұзындығы 5,4 мың км магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желiсiне ие.

**«ҚазТрансОйл» АҚ  
жұртшылықпен байланыс  
және iшкi коммуникациялар департаментi**